



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

*20 қапан 2026 № 225/1-цк*  
Астана қаласы

город Астана

**«Астана қаласы әкімдігінің  
«Мамандандырылған балалар үйі» КММ  
қызметкерлерінің іскерлік этика  
Ережесін бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені бекіту туралы» 31.03.2023 жылғы №122 Бұйрығына және Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ 07.03.2023 жылғы №106-461 Жарғысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. *«Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ қызметкерлерінің іскерлік этика Ережесі»* Қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Іскерлік этика қағидаларын енгізу және қызметкерлерді осы қағидалардың талаптарына сәйкес оқытуды ұйымдастыру жөніндегі жауапкершілікті адами ресурстарды басқару бөлімінің басшысы Жексембина Айгүл Шабденқызына жүктелсін.
3. Комплаенс-қызметіне жауапты тұлға белгіленген тәртіпте Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-нің ресми интернет-ресурсында осы бұйрықты орналастыруды қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

Ж. Искальева

000980